

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖӘНЕ  
ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН РЕТТЕУ  
МЕН ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІ  
№ 193 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**«Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналасуға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы»**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасының 2010 жылғы 19 қаңтардағы № 2 қаулысымен уәкілетті орган белгілеген нормативтерді және жинақтаушы зейнетақы қоры қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін «Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысуға берілген 2003 жылдың 26 желтоқсанында № 0000017 лицензияның (бұдан әрі – Лицензия) қолданылуын бір ай мерзіміне тоқтата тұру туралы шешім қабылдады. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі 2010 жылғы 19 қаңтардан бастап есептеледі.

Бұл ретте, Лицензияның қолданылуын қалпына келтіру «Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының анықталған қолданыстағы заңнама бұзушылықтарын жойғаннан кейін мүмкін болатындығын хабарлаймыз.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 42 бабының 9 тармағына сәйкес лицензияның қолданылуын тоқтата тұру жинақтаушы зейнетақы қорының, жаңа салымшыларды тартуға, тыйым салуға әкеліп соғатынын қосымша хабарлаймыз.

Сондай-ақ, «Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыру және бұрын тартылған салымшыларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру құқығын сақтайды.